

Жария сервитут белгілеу туралы

Ақтөбе облысы Байғанин ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 8 қазандағы № 245 қаулысы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 17 бабының 1-1) тармақшасына, 69 бабының 4 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 31 бабына сәйкес, Байғанин ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "БІДЖИПИ" Геофизикалық қызметтер (Қазақстан)" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне пайдалы қазбаларды барлау үшін Байғанин ауданы Жарқамыс ауылдық округінің "Батыс Жарқамыс II" учаскесінен жалпы алаңы 941,68 гектар жер учаскесіне жер пайдаланушылардан алып қоймай, 1 жыл мерзімге жария сервитут белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Байғанин ауданы әкімінің осы салаға жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Байғанин ауданының әкімі

А. Купенов